

Ескі жылды тарих
қойнауына тапсырыш,
жаңа жылды төрімізге
шыгаруға санаулығана
күндер қалды. Жыл-
дың аяқталуы әр пе-
денің он екі айда
атқарған ісіне есеп
беріп, жылы ес-
теліктерін еске альп,
жіберген
қателіктерінен сабак
алатынын білдірмей
ме? 2014--Жылқы жы-
лында Жаратқан
еліміздің ігі жақсылы-
ры үшін қандай тосын
сый дайындал, қандай
сынаққа алды екен?
Оны өздерінен сұрап
корейік.

Дархан САБЫРХАНОВ, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетінің оку-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректоры:

«Рейтингіміз жоғарылады»



Менің еңбек және ғылым жолым-
ның барлығы осы университетпен бай-
ланысты. Сол себепті заңғар жазушы-
ның есімін арқалаған оқу ордасының
биқтерден көрініп, мәртебелі жоғары
оку орнының біріне айналғанына күш
салып келемін. ОҚМУ үшін Жылқы
жылы мерейлі жылдардың бірі болды.
Себебі, біз әлемдік және республика-
дагы жоғары оқу орындары арасын-
дағы рейтингімізді жоғарылаттық. Уни-
верситет қазір еліміздегі беделді, сапалы
білім беретін жоғары оқу орындары-
ның уштігінде тұр. Бұл басшымыздың
және барша ұжымның, шәкірттердің
еткен еңбектерінің жемісі деп білемін.
Мен де талай жылғы ізденісімді, зерт-
теуімді сарапап, жинақтап, студенттер-
ге арналған оқулығымды шығардым.
Және шетелдік атакты журналдарда
төрт бірдей мақалам жарық көрді.

«Немере балдан тәтті» демей ме
қазақ. Артымнан еріп келе жатқан
үрпактарымның әр ісіне демеу болып,

қадамдарына қуанып отырамын. Был
түнгыш немерем үлкен өмірге аяқ ба-
сып, студент атанды. Қазір Қараң-
дағы медицина академиясында
оқып жатыр.

Елбасымыз Н.Назарбаев үдемелі ин-
дустириалық инновациялық даму
бағдарламасы бойынша ашылған
кәсіпорындарға сапалы мамандарды
даярлау мақсатында республикадағы
жоғары оқу орындарына жаңа маман-
дықтарды ашуға тапсырма берген бола-
тын. Соның ішінде ОҚМУ келер жыл-
дан бастап жаңа төрт мамандықты
оқытатын болады. Университеттің ма-
териалдық-техникалық базасын жаңар-
туға және оқытушылардың білімін
одан әрі шындау үшін бюджеттен 10
миллиард теңге бөлінді. Муншалықты
қаржы оқу ордасына Қазақстанда
бұрын-соңды болінбеп еді. Сондыктan,
үлкен сенім мен мол қаражат болінген
іске блек сыбана кірісетін боламыз.